

# Бүркітші

Бүркітші - бүркітті баптап, аң аулауға үйрететін адам. Бүркіт ұстаудың екі жолы бар: бірі — балапанынан ұядан алып, қолдан баулу. Ондай бүркітті "қолбала" дейді. Екіншісі — бүркітті тағы күйінде ұстап үйрету. Бұлар — тірнек, тастүлек, мұзбалақ сықылды түз құстары. Балапанды баулу тәсілі мынадай: Бүркітші балапанды жемдей жүріп, шақырып үйретеді. Тұғырға отыруға жарасымен томаға кигізіп, балақ бау тағып, қолға қондыра бастайды. Ұшуға жараған соң, етке қант бүркіп, оны қоян, түлкі, қарсақ сияқты аңдардың терісіне орап, шыжыммен сүйретіп жүріп жегізеді, мұны "шырға тарту" дейді. Жас бөлтірік, кежек, түлкінің күшігі сияқты әлсіз аңдарды тірідей шоқытып ауыздандырады. Мұны құсты "аңға баулу" деп атайды. Ал түз құсын былай үйретеді: алдымен оны томағалайды да, ырғаққа (бос керген арқанға) отырғызады. Ұйқыдан қалжырап, шаршап шыққан тағы бүркіт бірнеше күннен кейін ырыққа көніп, жем тартады, үйір бола бастайды, шақыруға келетін болады. Бүркітшілер түз құсын 50-60 күннен кейін ұшырып, ұсақ аң алдырады. Аңға салынатын бүркіт біршама қоңды, жемге шабынты, сергек күйде болу керек.

Сондықтан әр бүркіттің тегіне, қырандығына, мінезіне, жасына қарай әр жағдайда берілетін жемдері болады. Мысалы, "қан соқта", "жылы-жұмсақ", "қызыл", "тоят" деп аталатын жемдер семірту үшін, сондай-ақ түлекке отырғызғанда, құстың еті төмендеп кеткен кезде беріледі. "Тартпа", "топарсақ" дейтін жемдер бүркітті ширықтыру үшін берілсе, "сарбөртпе" (турап алып, 1-2 рет суға шайған ет) құстың етін бір қалыпты ұстау үшін, "ақ жем" (тұралған, суға сығымдап қансөлін алған ет) құстың етін төмендету және ашқарақтануы үшін беріледі. Бүркітшінің түлекті осындай түрлі жеммен баптауын "қайыру" дейді. Қайыру кездерінде бүркітке мұсатыр жұтқызып, ішін шаю, аршаның бүрін буып жұтқызын, қоялату, мұз жұтқызып, бойын салқындату сияқты, т.б. әдістері де болады. Наурыз-сәуір айларынан бастап Бүркітші құсты тойғыза жемдеп түлекке отырғызады. Бүркітші бүркіт адатын аңдардың жатағын, өрісін, ізін білетін байқампаз да болады. Алға шығарғанда Бүркітшінің жанында аяқ бау, балақ бау, тұғыр, балдақ, томаға, сапты аяқ, биялай, жеңсе бұрау (түлкі бұрайтын айыр бас шыбық), жем қалта, шыжым, пышақ, ине, тарамыс, бөлеу (бүркіт бесігі) сияқты дәнекер жабдықтары болады. Бүркітші саятшылыққа көп кісі жиналып шықса, оны "салбауырынға шығу" дейді




«Жайық қыраны -2020» бүркітшіден Республикалық турнир
24-26.01.2020 жыл БҚО, Теректі ауданы
Құнтуған Серікбек – 1 орын (жаттықтырушы); Серікбекұлы Ерасыл – 2 орын.




«Ұлы дала мұрасы» бүркітшіден Халықаралық турнирі
8-10.11.2019 жыл, Қарағанды облысы, Шет ауданы
Құнтуған Серікбек - 3 орын (жаттықтырушы).




Ұлттық спорт түрлерінен V республикалық фестиваль
18-25.09.2019 жыл, Ақтөбе қаласы
Раушльұлы Құдайберген – 3 орын.